

## АРАЛАС ФАКТУРАЛЫ МАТЕРИАЛДАРДЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ҚЫЗДАРҒА АРНАЛҒАН КЭЖУАЛ СТИЛЬДЕГІ КИІМ ТОПТАМАСЫН ЖОБАЛАУ

А.К. АБДИКАЕВА\* , А.С. АБИШОВА , Н.Қ. ҚУАНЫШОВА 

(Алматы технологиялық университеті, Қазақстан Республикасы,  
050012, Алматы қ., Төле би көш., 100)

Автор-корреспонденттің электрондық поштасы: aigulabdi9@gmail.com\*

*Бұл мақалада әр түрлі фактуралы маталарды біріктіру арқылы қыздарға арналған кэжуал стильдегі киім жиынтығын жобалау мәселесі қарастырылады. Зерттеудің негізгі мақсаты – үш жіпті трикотаж, барқыт және зығыр сияқты материалдарды үйлестіре пайдалану арқылы киім топтамасының эстетикалық, функционалдық және эргономикалық қасиеттерін арттыру, сондай-ақ оны көркем принтпен безендіру арқылы дизайнның көркемдік мәнін күшейту болып табылады. Жобалау процесінде шығармашылық көз ретінде Қазақстанның халық суретшісі Әбілхан Қастеевтің «Түріксіб» картинасы таңдалды, себебі оның мазмұны индустрияландыру, қозғалыс, прогресс және ұлттық мәдени элементтерді бейнелей отырып, топтаманың идеялық негізін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Зерттеу барысында компьютерлік графика құралдары (Corel Draw) және автоматтандырылған конструкциялық бағдарламалар (Grafis) қолданылып, киім эскиздері мен конструкциялық шешімдері әзірленді. Материалдардың үйлесімділігі, түстік шешімдер және текстуралық комбинациялар талданып, бұйымдардың сәндік, функционалдық және киюге қолайлылық сипаттары бағаланды. Зерттеу нәтижелері аралас фактуралы материалдарды қолдану кэжуал стильдегі киімдерді жобалау әдістемесін жетілдіруге және олардың нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік беретінін көрсетті, осы зерттеу жұмысының нәтижелері сән индустриясы, дизайн және материалтану бағыттарында ғылыми әрі тәжірибелік маңызға ие.*

**Негізгі сөздер:** кэжуал стиль, киім жиынтығы, аралас фактуралы материалдар, графикалық эскиз, «Түріксіб» картинасы, компьютерлік жобалау.

## ПРОЕКТИРОВАНИЕ КОЛЛЕКЦИИ ОДЕЖДЫ В СТИЛЕ КЭЖУАЛ ДЛЯ ДЕВУШЕК С ИСПОЛЬЗОВАНИЕМ МАТЕРИАЛОВ РАЗЛИЧНОЙ ФАКТУРЫ

А.К. АБДИКАЕВА\*, А.С. АБИШОВА, Н.К. ҚУАНЫШОВА

(Алматынський технологический университет, Республика Казахстан,  
050012, г. Алматы, ул. Төле би, 100)

Электронная почта автора-корреспондента: aigulabdi9@gmail.com\*

*В статье рассматриваются вопросы проектирования коллекции одежды в стиле кэжуал для девушек с использованием материалов различной фактуры. Целью исследования является повышение эстетических, функциональных и эргономических свойств одежды за счёт гармоничного сочетания трёхниточного трикотажа, бархата и льна, а также усиление художественной выразительности изделий посредством применения декоративного принта. В качестве источника творческого вдохновения в процессе проектирования была выбрана картина народного художника Казахстана Абылхана Кастеева «Турксіб», отражающая идеи индустриализации, движения, прогресса и элементы национальной культуры, что позволило сформировать целостную концепцию коллекции. В исследовании использовались средства компьютерной графики Corel Draw и автоматизированные программы конструирования Grafis, с помощью которых были разработаны эскизы и конструктивные решения моделей. Проведён анализ сочетаемости материалов, цветовых решений и текстурных комбинаций, а также дана оценка декоративных, функциональных и эксплуатационных характеристик изделий. Полученные результаты подтверждают целесообразность применения материалов различной фактуры при проектировании одежды в стиле кэжуал и их положительное влияние на конкурентоспособность продукции, эти*

*результаты имеют научную и практическую значимость для индустрии моды, дизайна и материаловедения.*

**Ключевые слова:** стиль кэжуал, коллекция одежды, материалы различной фактуры, графический эскиз, картина «Турксиб», компьютерное проектирование.

## DESIGNING A CASUAL-STYLE CLOTHING COLLECTION FOR GIRLS USING VARIOUS TEXTURED MATERIALS

A.K. ABDIKAYEVA\*, A.S. ABISHOVA, N.K. KUANYSHOVA

(Almaty Technological University, Kazakhstan, 050012, Almaty, Tole bi str., 100)

Corresponding author's e-mail: aigulabdi9@gmail.com\*

*This article examines the design of a casual-style clothing collection for girls using materials of different textures. The main objective of the study is to enhance the aesthetic, functional, and ergonomic properties of garments through a harmonious combination of three-thread knitwear, velvet, and linen, as well as to strengthen artistic expressiveness by applying decorative prints. The painting "Turksib" by the People's Artist of Kazakhstan, Abylkhan Kasteev, was selected as a source of creative inspiration, as it reflects the ideas of industrialization, movement, progress, and national cultural elements, contributing to the formation of a coherent design concept. The research employed computer graphics tools such as Corel Draw and automated pattern-making software Grafis to develop design sketches and constructive solutions. An analysis of material compatibility, color schemes, and textural combinations was conducted, along with an evaluation of the decorative, functional, and performance characteristics of the garments. The results confirm the effectiveness of using materials of different textures in casual clothing design and their positive impact on product competitiveness, the findings of this research have both scientific and practical significance in the fields of fashion industry, design, and materials science.*

**Keywords:** casual style, clothing collection, materials of different textures, graphic sketch, "Turksib" painting, computer-aided design.

### *Kіpіcne*

Қазіргі заманғы киім дизайнында әр түрлі фактуралы материалдарды үйлестіру және олардың эстетикалық, функционалдық қасиеттерін зерттеу маңызды болып табылады [1, 2]. Кэжуал стильдегі киімдер жастар арасында кеңінен танымал болып, ыңғайлылық пен шығармашылықты үйлестіруді көздейді [3]. Бұл зерттеу жұмысының мақсаты – әр түрлі фактуралы материалдарды біріктіру арқылы қыздарға арналған киім жиынтығын жобалау және оны принтпен безендіру. Шығармашылық көз ретінде Қазақстанның халық суретшісі Ә. Қастеевтің «Түріксіб» картинасы таңдалды, себебі оның мазмұны индустрияландыру, прогресс және мәдени ояну дәуірін бейнелейді, сонымен қатар ұлттық мәдени кодты киім

дизайнында көрсетуге мүмкіндік береді [4-7]. Бұл картинадан алынған мотивтер киімдегі бас принт ретінде қолданылып, ұлттық тарихты заманауи дизайн тілінде жеткізуге мүмкіндік береді [8, 9].


### *Зерттеу материалдары мен әдістері*

Зерттеу объектісі – қыздарға арналған кэжуал стильдегі киім жиынтығы, ал заты – аралас фактуралы материалдар: үш жіпті трикотаж, барқыт және зығыр.

"Түрксіб" картинасы қазақ бейнелеу өнері тарихында маңызды орын алады. Ол индустрияландыру, прогресс және мәдени ояну дәуірін бейнелейді. Қыздарға арналған топтама жиынтығында негізгі визуалды мотив ретінде дәл осы суретті таңдау 1-суреттегі бірнеше себептерге байланысты:



Сурет 1. Басты принтті таңдау себептері



Сурет 2. «Түркісіб» картинасының мотивтері (шабыт көзі)

**Зерттеу әдістері мен материалдары**

- Тарихи және мәдени деректерді талдау («Түркісіб» картинасы мен оның тарихи мәні);
- Сән бағыты мен түстік шешімдерді талдау (Pantone, Vogue трендтері) [10];
- Дизайнерлік жобалау әдістері: топтама эскиздерін жасау, компьютерлік графика

(«Corel Draw») және конструкцияларды АЖЖ («Grafis») бағдарламаларында әзірлеу [11];

- Тігін материалдарының қасиеттерін болжау және өңдеу әдістерін зерттеу;
- Экономикалық тиімділікті бағалау.

Аталған әдістер киім топтамасының көркемдік, конструкциялық және техноло-

гиялық шешімдерін кешенді түрде негіздеуге мүмкіндік берді.

«Түркісіб» картинасы кеңестік конструктивизм эстетикасына тән жоғары контраст пен графикалық айқындыққа негізделген. Шығармада негізгі түстер ретінде қызғылт-қоңыр және ашық қоңыр реңктер (қозғалыс пен энергия символы), сары және охра (дала, жер, күн бейнесі), сондай-ақ көк аспан мен жасыл таулар (кеңістік пен үмітті білдіретін салқын тондар) қолданылған. Түстік шешімнің басты ерекшелігі – жылы және суық реңктердің айқын қарама-қарсылығы, монохромды аймақтардың басымдығы және 3–5 негізгі түспен шектелген минималистік палитра. Бұл қағидалар графикалық принттер мен сән топтамаларын әзірлеуге қолайлы [12, 13].

Сән топтамасын жобалауда түс негізгі біріктіруші фактор болып табылады. Түстік

үйлесімнің тиімділігі тек түстердің сәйкестігіне ғана емес, олардың сандық пропорциясына да байланысты. Кеңінен қолданылатын схема бойынша негізгі түс – 60%, қосымша – 30%, екпінді түс – 10% құрайды. Контрастты түстер топтаманың экспрессивтілігін арттырса, шамадан тыс көп түстер көрермен назарын шашыратады, сондықтан төрттен артық негізгі түс қолданбау ұсынылады.

Түс – ақпарат пен эмоция тасымалдаушысы. Ол топтаманың көңіл күйін, стильдік бағытын және идеялық мазмұнын айқындайды. Осы тұрғыда түс дөңгелегі дизайнерлер үшін әмбебап құрал болып саналады. Сонымен қатар, Pantone институты ұсынатын түстік трендтер сән индустриясында маңызды бағдар қызметін атқарады (Сурет 3).



Сурет 3. Таңдап алынған түстер (Pantone, Vogue трендтері)


Соңғы жылдары табиғи реңктерге қызығушылық артып келеді. Хаки, зәйтүн-жасыл, қоңыр реңктер тұрақтылық, тыныштық және экологиялық сана идеясымен байланысты. 2024 жылы Vogue зәйтүн-жасылды маусымның өзекті түсі ретінде атап өтсе, Pantone 2025 жылдың басты түсі ретінде Mocha Mousse реңкін ұсынды. Бұл жылы қоңыр тон

минимализм мен «тыныш сән-салтанат» трендін айқындайды [14, 15].

«Түркісіб» картинасындағы түстік қағидаларды және заманауи Pantone трендтерін үйлестіру сән топтамасын жобалауда көркемдік тұтастықты, эмоционалдық тереңдікті және стильдік бірізділікті қамтамасыз етеді.



Сурет 4. Графикалық эскиздер: кәжуал стильдегі қыздарға арналған киім топтамасы.



Сурет 5. Финалдық конструкциялық үлгілер (Grafis бағдарламасында жасалған).

Қыздарға арналған 176-88-96 өлшеміндегі көктем-күз айларында киюге арналған жиынтық, 18-35 жас аралығындағы қыздарға күнделікті киюге арналған, кең силуэтті, хаки және ашық шабдалы реңкті (PANTONE Tender Peach 12-0912 TC) түстерден тұратын, үш жіпті трикотаж, зығыр және барқыт маталарынан дайындалған үштіктен тұратын киім жиынтығы.

Алдыңғы бойы тұтас пішілген, бүкпесіз, тік оверсайз силуэтті, бүйір бөлігінде баулармен безендірілген. Бір тігісті қондырмалы жең, жең аузы манжетпен өңделген.

Алдыңғы және артқы бой мой ойындысы әдіппен өңделген. Артқы бой бүкпесі толықтай жойылған, тұтас пішінді, кең тік силуэтті. Белдемше тік пішінді тұтас пішілген, алдыңғы бой жақ бөлігінде үш қатпарлы бүкпемен және екі түйме ілгегімен безендірілген. Бел сызығы белдікшемен өңделіп, ортаңғы бөлігінде жиырмалармен өңделген. Белдемшенің алдыңғы бой сол жақ бөлігінде 4 түймелік орналасқан.

Киім топтамасын жобалау процесі: материал таңдау → эскиз → конструкция → түстік шешім → финалдық үлгі [15].

#### ***Нәтижелері мен оларды талқылау***

Жүргізілген зерттеу нәтижесінде кәжуал стильдегі қыздарға арналған киім топтамасын жобалауда көркемдік бастау ретінде Ә. Қастеевтің «Түріксіб» картинасын қолдану жобаның идеялық және эстетикалық тұтастығын қамтамасыз еткені анықталды. Аталған көркем туындыдағы индустрияландыру, қозғалыс және ұлттық мәдени код элементтері киім топта-

масының негізгі визуалды мотивін қалыптастырып, заманауи дизайн тілімен үйлесімді түрде интерпретацияланды.

Топтаманың түстік шешімі «Түріксіб» картинасындағы жылы және суық реңктердің контрастына, сондай-ақ қазіргі сән индустриясындағы өзекті түстік трендтерге негізделді. Нәтижесінде құм түстес қоңыр, қою жасыл және ашық сары түстер негізгі реңктер ретінде таңдалып, қосымша түстер ретінде хаки және Pantone институты ұсынған 2025 жылға арналған Mocha Mousse реңкі қолданылды. Түстердің үйлесімі монохромды және контрастты комбинациялар арқылы жүзеге асырылып, топтаманың көркемдік мәнерлілігін арттырды.

Зерттеу барысында әр түрлі фактуралы материалдарды бір киім топтамасында үйлестірудің тиімділігі дәлелденді. Үш жіпті трикотаждың жұмсақтығы мен серпімділігі, барқыттың сәндік фактурасы және зығыр матасының табиғилығы мен ауа өткізгіштігі бір-бірін толықтырып, бұйымдардың эстетикалық, функционалдық және эргономикалық қасиеттерін жоғарылатты. Мұндай материалдық комбинация кәжуал стиль талаптарына сай киімнің ыңғайлылығы мен сәндік сапасын қамтамасыз етті.

Киім үлгілерінің техникалық эскиздері компьютерлік графика құралдарының көмегімен әзірленіп, конструкциялық шешімдер «Grafis» автоматтандырылған жобалау бағдарламасында орындалды. Белдемше, блузка және жеңдердің конструкциялары кең оверсайз силуэте жоба-

ланып, қозғалыс еркіндігін қамтамасыз етуге және заманауи кәжуал стилінің ерекшеліктерін көрсетуге бағытталды. Автоматтандырылған жобалау жүйесін қолдану конструкция дәлдігін арттырып, жобалау процесінің тиімділігін жоғарылатты.

Технологиялық бөлімде таңдалған материалдардың қасиеттеріне сәйкес тігін өңдеу әдістері мен фурнитура түрлері негізделіп таңдалды. Негізгі конструкциялық түйіндерді өңдеу барысы технологиялық кесте түрінде жүйеленіп, өндірістік орындалу мүмкіндігі ескерілді. Бұл бұйым сапасын арттыруға және дайын өнімнің эксплуатациялық қасиеттерін жақсартуға мүмкіндік берді.

Экономикалық тұрғыдан алғанда, стандартталған материалдар мен кеңінен қолданылатын технологиялық тәсілдерді пайдалану өнімнің өзіндік құнын төмендетіп, жобаланған киім топтамасының нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттырды. Ұсынылған жобалық шешімдер шағын және орта тігін өндірістерінде енгізуге бейімделген болып табылады, бұл олардың практикалық маңыздылығын көрсетеді.

#### **Қорытынды**

Зерттеу жұмысында шығармашылық көз – «Түріксіб» картинасының тарихы мен оны киім жиынтығына бас принт ретінде таңдаудың себептері таңдалып, зерттелді. Әйелдер киім жиынтығының модельдік нұсқасын кәжуал стилінде әзірленіп және әйелдер киімдер жиынтығының топтамасына қолданылған аралас фактуралы материалдар пакетінің қасиеттері мен түрлеріне зерттеу жүргізілді. Таңдалған киім үлгілерінің техникалық эскизін «Corel Draw» бағдарламасында әзірленді.

Топтаманың шығармашылық бейнесін әзірлеу барысында алдымен фор эскиздер салынып, кейіннен компьютерлік графика арқылы модель нобайы мен техникалық эскизі салынды. Модельдің техникалық сипаттамасы жазылды. Бұйымға қолданылған мата және фурнитура конфекционды карта кестесінде толық көрсетілді.

Топтаманы әзірлеуге арналған лекалдарды дайындау үшін ЦОТШЛ әдісі пайдаланылып, конструкторлық бөлімде үлгінің негізгі конструкциясының сызбасын дайындау үшін есептеулер мен қосымшалар белгіленді. Киім жиынтығының конструкциясын АЖЖ «Grafis» бағдарламасында тұрғызылып, техникалық үлгіленді.

Технологиялық бөлімде бұйымды өңдеу әдістері қарастырылып, түйіндерді өңдеу барысы кесте арқылы көрсетілді.

Зерттеу сән өнері, дизайн және материалтану саласындағы ғылыми және практикалық құндылыққа ие, сондай-ақ нарықтағы бәсекеге қабілетті кәжуал стильдегі киім топтамаларын жобалау үшін негіз бола алады.

#### **ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ**

1. Аронов В. Р. Дизайн в культуре XX века: 1945–1990 гг. — Москва: Издатель Д. Аронов, 2013. — 384 с.
2. Бузов Б. А., Румянцева Г. П. Материалы для одежды. — Москва: Академия, 2010. — 256 с.
3. Кузьмина Т. В. Дизайн костюма: художественное проектирование: учебное пособие. — Москва: Академия, 2018. — 240 с. Электрондық ресурс. — URL: <https://www.academia-moscow.ru/catalogue/4836/339095/> (қолданылған күні: 2026).
4. Беркова Н. Н. Турксиб как экологическое послание // Вестник ВГИК. — 2019. — Т. 11, № 2. — С. 45–52.
5. Илиясжанқызы А. Әбілхан Қастеевтің бейнелеу өнеріндегі ерекшелігі // Өнер электронды жаңалықтар порталы. — 2017.
6. Михайлов А. Легендарное строительство Турксиба // Ratel.kz. — 2024.
7. Тойшибекова А. Как строили Турксиб [Электронный ресурс]. — URL: <https://vlast.kz/pages/cliq/next/?id=20071> (дата обращения: 2026).
8. Бюргер П. Теория авангарда. — Москва: V-A-C Press, 2014. — 200 с. — ISBN 978-5-9904389-7-2.
9. Авангард в культуре XX века (1900–1930 гг.): теория, история, поэтика: в 2 кн. / под ред. Ю. Н. Гирина. — Москва: ИМЛИ РАН, 2010. — Кн. 1. — 600 с. — ISBN 978-5-9208-0352-8.
10. Pantone Color Institute. Pantone Color of the Year 2024–2025. — Pantone LLC, 2024–2025.
11. Мешкова Е. В. Конструирование одежды: учебное пособие. — Москва: Оникс, 2006. — 176 с.
12. Уильямс Р. Политика авангарда // Политика модернизма. — London: Verso, 1989.
13. Липовецкий М. Н. Модернизм и авангард: родство и различие // Научная статья по специальности «Языкознание и литературоведение».
14. Матюшина В. П., Прыткова Т. Н. Методические указания / под ред. Т. В. Зориной. — Москва: ЦБНТИ, 1982. — 112 с.
15. Омарова Е. О., Каинбаева А. Б., Ермаханбетова А. М. Әйелдер киімдерінің технологиясы. — ЭОЖ 67:007; 67:001.891.57. — МРНТИ 64.01.77.

#### **REFERENCES**

1. Aronov V. R. Dizain v kul'ture XX veka: 1945–1990 gg. [Design in the Culture of the 20th Century: 1945–1990]. – Moscow: Izdatel' D. Aronov, 2013. – 384 p. (in Russian)
2. Buzov B. A., Rumyantseva G. P. Materialy dlya odezhdy [Materials for Clothing]. – Moscow: Akademiya, 2010. – 256 p. (in Russian)

3. Kuz'mina T. V. Dizain kostyuma: khudozhestvennoe proektirovanie [Costume Design: Artistic Design]: uchebnoe posobie. – Moscow: Akademiya, 2018. – 240 p. (in Russian)
4. Berkova N. N. Turksib kak ekologicheskoe poslanie [Turksib as an Environmental Message] // Vestnik VGIK. – 2019. – Vol. 11, No. 2. – P. 45–52. (in Russian)
5. Iiyaszhankyzy A. Abilkhan Kasteevin beineleu onerindegi ereksheligi [Features of Abilkhan Kasteev's Fine Art] // Oner elektronды zhanalyktar portaly. – 2017. (in Kazakh)
6. Mikhailov A. Legendarnoye stroitel'stvo Turksiba [Legendary Construction of Turksib] // Ratel.kz. – 2024. (in Russian)
7. Toishibekova A. Kak stroili Turksib [How Turksib Was Built] [Electronic resource]. – Available at: <https://vlast.kz/pages/cliq/load-next/?id=20071> (accessed: 2026). (in Russian)
8. Bürger P. Teoriya avangarda [Theory of the Avant-Garde]. – Moscow: V-A-C Press, 2014. – 200 p. (in Russian)
9. Avangard v kul'ture XX veka (1900–1930 gg.): teoriya, istoriya, poetika [Avant-Garde in the Culture of the 20th Century (1900–1930): Theory, History, Poetics]: in 2 vols. / ed. by Yu. N. Girin. – Moscow: IMLI RAN, 2010. – Vol. 1. – 600 p. (in Russian)
10. Pantone Color Institute. Pantone Color of the Year 2024–2025. – Pantone LLC, 2024–2025.
11. Meshkova E. V. Konstruirovaniye odezhdyy [Clothing Design]: uchebnoe posobie. – Moscow: Oniks, 2006. – 176 p. (in Russian)
12. Williams R. Politika avangarda [The Politics of the Avant-Garde] // Politika modernizma. – London: Verso, 1989. (in Russian)
13. Lipovetsky M. N. Modernizm i avangard: rodstvo i razlichie [Modernism and Avant-Garde: Similarities and Differences] // Nauchnaya stat'ya po spetsial'nosti "Yazykoznanie i literaturovedenie". (in Russian)
14. Matyushina V. P., Prytkova T. N. Metodicheskie ukazaniya [Methodological Guidelines] / ed. by T. V. Zorina. – Moscow: TsBNTI, 1982. – 112 p. (in Russian)
15. Omarova E. O., Kainbaeva A. B., Ermakhanbetova A. M. Aielder kiimderinin tekhnologiyasy [Technology of Women's Clothing]. – (in Kazakh)